

**«6D030100-Құқықтану» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған Сабыр Айсұлу Сабырқызының «Отандық су ресурстарын пайдаланумен байланысты қылмыстық құқық бұзушылықтардың алдын алу мәселелері» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына ресми рецензенттің**

**СЫН-ПІКІРІ**

р/н №	Критерийлер	Критерийлер сәйкестігі	Ресми рецензенттің ұстанымы
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	<p>1.1 Ғылымның даму бағыттарына және / немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:</p> <p>1) Диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірі);</p> <p>2) <u>Диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауы)</u></p> <p>3) Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету)</p>	<p>«6D030100-Құқықтану» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған Айсұлу Сабырқызының диссертациялық жұмысының тақырыбы ғылымның даму бағыттарына және мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес орындалған.</p> <p>«Қазақстан-2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан Республикасының Президенті - елбасы Н.Ә. Назарбаевтың 2012 жылғы 14 желтоқсандағы Қазақстан халқына Жолдауы;</p> <p>Қазақстан Республикасы Президентінің 2013 жылғы 30 мамырдағы № 577 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының «жасыл экономикаға» көшуі жөніндегі тұжырымдамасы;</p> <p>Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен «Әлеуметтік және гуманитарлық ғылымдар саласындағы</p>

			зерттеулер» ғылымды дамытудың басым бағыты.
2.	Ғылымға маңыздылығы	Жұмыс ғылымға <u>елеулі үлесін қосады/қоспайды</u> , ал оның <u>маңыздылығы ашылған/ашылмаған</u> .	Докторантпен жасалған ғылыми қорытындылар мен ұсыныстар экологиялық құқық, су құқығы, қылмыстық құқық және криминология сияқты ғылым салаларының дамуына елеулі үлес қосады, ал оның маңыздылығы жан-жақты ашылған.
3.	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі: 1) жоғары; 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаған	Диссертация диссертантпен жоғары деңгейде орындалған. Жұмыстың мазмұнын талдау көрсеткендей, жұмысты өзі жазу деңгейі өте жоғары. Сондай-ақ осы диссертация бойынша автормен жарияланған ғылыми мақалалардан да диссертанттың өз бетімен ізденіс жүргізгенін байқауға болады: автормен он бірі ғылыми мақалалар жарияланған.
4.	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі: 1) <u>негізделген</u> ; 2) жартылай негізделген; 3) негізделмеген.	Диссертациялық жұмыс тақырыбы қазіргі таңдағы өзекті проблемалардың бірі - суды қорғау проблемаларына арналған. Жұмыстың өзектілігі су ресурстарын пайдалану қатынастарын қылмыстық қол сұғушылықтан қорғауды қамтамасыз ететін заңнаманы жетілдіру қажеттілігімен, сондай-ақ су ресурстарын пайдалану саласындағы қылмыстылықтың алдын алу шараларын жасау қажеттілігімен расталады.
		4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды	Диссертациялық жұмыстың мазмұны оның тақырыбын толық айқындайды. Ол

		<p>1) <u>айқындайды</u>;</p> <p>2) жартылай айқындайды;</p> <p>3) айқындамайды</p>	<p>су ресурстарын пайдаланумен байланысты қылмыстық құқық бұзушылықтардың алдын алу мәселелерін толық талдап және ашуға мүмкіндік береді.</p>
		<p>4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді:</p> <p>1) <u>сәйкес келеді</u>;</p> <p>2) жартылай сәйкес келеді;</p> <p>3) сәйкес келмейді</p>	<p>Диссертантпен алға қойылған мақсаты және осы мақсатқа жетудегі міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді.</p>
		<p>4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылысы логикалық байланысқан:</p> <p>1) <u>толық байланысқан</u>;</p> <p>2) жартылай байланысқан;</p> <p>3) байланыс жоқ</p>	<p>Жұмыстың мазмұнын талдау көрсеткендей оның барлық бөлімдері мен құрылысы логикалық тұрғыдан толық байланысқан. Диссертациялық жұмыс оның тараулары мен тараушаларында қарастырылатын барлық теориялық және тәжірибелік мәселелерді қарастыруда логикалық байланыс, реттілік сақталған.</p>
		<p>4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған:</p> <p>1) <u>сыни талдау бар</u>;</p> <p>2) талдау жартылай жүргізілген;</p> <p>3) талдау өз пікірін емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген</p>	<p>Осы жұмыста қарастырылып жатқан мәселелерге қатысты бұрын орын алған ғылыми көзқарастарға, ілімдерге автор тарапынан сыни талдау жүргізілген. Сонымен қатар автор қолданыстағы заңнама ережелеріне де сыни талдау жасаған.</p>
5.	Ғылыми жаңашылдық принципі	<p>5.1 Ғылыми нәтижелер мен қағидаттар жаңа болып табыла ма?</p> <p>1) <u>толығымен жаңа</u>;</p> <p>2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);</p>	<p>Диссертантпен қарастырылып жатқан мәселе бұрын соңды арнайы зерттелмеген мәселе болғандықтан, онымен алынған ғылыми нәтижелер мен қағидаттар толығымен жаңа болып табылады.</p>

		3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	
		5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа болып табыла ма? 1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	Диссертацияның қорытындылары толығымен жаңа болып табылады. Автор осы қорытындыларды қалыптастыруда бұрыннан белгілі нәтижелерді кешенді талдауды негізге алған.
		5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе? 1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	Диссертациялық жұмысты талдау көрсеткендей, техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жартылай жаңа (75%) және негізделген.
6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	Барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген/негізделмеген (qualitative research және өнертану және гуманитарлық бағыттары бойынша)	Барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан ауқымды дәлелдемелерге негізделген. Диссертант қолданыстағы Қазақстан Республикасының заңнамасын, Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу Комитетінен статистикалық ақпараттарын, су ресурстарын пайдалануда орын алған құқық бұзушылықтар бойынша тексеріс және қадағалау құжаттарын, қылмыстық істі қысқарту туралы қаулыларын, сондай-ақ осы проблемаға қатысты ғылыми

			еңбектерді негізге ала отырып өзінің қорытындыларын қалыптастырған.
7.	Қорғауға шығарылған негізгі қағидағтар	<p>Әр қағидат бойынша келесі сұрақтарға жауап беру қажет:</p> <p>7.1 Қағидат дәлелденді ме?</p> <p>1) <u>дәлелденді</u>;</p> <p>2) шамамен дәлелденді;</p> <p>3) шамамен дәлелденбеді;</p> <p>4) дәлелденбеді</p> <p>7.2 Тривиалды ма?</p> <p>1) ия;</p> <p>2) <u>жоқ</u></p> <p>7.3 Жаңа ма?</p> <p>1) <u>ия</u>;</p> <p>2) жоқ</p> <p>7.4 Қолдану деңгейі:</p> <p>1) тар;</p> <p>2) орташа;</p> <p>3) <u>кең</u></p> <p>7.5 Мақалада дәлелденген бе?</p> <p>1) <u>ия</u>;</p> <p>2) жоқ</p>	<p><b>1.</b> Қылмыстық заңнамада экологиялық қылмыстық құқық бұзушылық ұғымының нақтыланбауы салдарынан қылмыстық саралауда туындайтын қиындықтарды ескере келе мынадай түсінік беруді ұсынамыз: «экологиялық қылмыстық құқық бұзушылық деп, кінәлінің қоршаған ортаны қорғау тәртібіне және экологиялық қауіпсіздікке қол сұғатын, қылмыстық жазалау қатерімен тыйым салынған, қоғамға зор қауіп төндірмейтін, болмашы зиян келтірген не адамның жеке басына, ұйымға, қоғамға немесе мемлекетке зиян келтіру қатерін туғызған айыпты жасалған, немесе қоғамға қауіпті іс-әрекетті (әрекет не әрекетсіздік) айтамыз».</p> <p>7.1 Қағидат дәлелденген.</p> <p>7.2 жоқ.</p> <p>7.3 Жаңа.</p> <p>7.4 Қолдану деңгейі кең.</p> <p>7.5 Мақалаларда дәлелденген.</p> <p><b>2.</b> Су ресурстарындағы қылмыстық-құқықтық тыйымдар тікелей объектісі бойынша:</p> <p>- су объектісіне тікелей қол сұғатын қылмыстық құқық бұзушылықтар (су ресурстарындағы қылмыстық құқық бұзушылық);</p>

			<p>- су объектілеріне жанама қол сұғатын құқық бұзушылықтар, болып бөлінеді. Алғашқысы экологиялық қылмыстық құқық бұзушылықтардың қатарындағы нақты су ресурсына қол сұғады. Екіншісі экологиялық және ҚР ҚК-нің басқа тарауларында қарастырылатын су ресурстарында кездесетін қылмыстық құқық бұзушылықтарды құрайды: ҚР ҚК-нің 5-тарауы, 8-тарауы, 10-тарауы, 11-тарауы, 13-тарауы, 14-тарауындағылар. Объективтік жағы бойынша су ресурстарындағы қылмыстық құқық бұзушылықтарды төмендегідей топтастырамыз:</p> <ol style="list-style-type: none"><li>1) Экологиялық талаптарды, қағидаларды, ережелерді бұзумен байланысты: ҚР ҚК-нің 283-бабы; 285-бабы; 324-бабы, 325-бабы; 326-бабы; 304-бабы; 331-бабының 1-тармағы; 354-бабы.</li><li>2) Ластаумен байланысты: ҚР ҚК-нің 328-бабы; 330-бабы.</li><li>3) Экономикалық қызмет көрсету, құрылыс жүргізу, эксплуатациялау, зерттеу жұмыстарын жүргізуге байланысты; ҚР ҚК-нің 214-бабы; 215-бабы; 216-бабы; 218-бабы; 219-бап; 221-бабы; 238-бабы; 240-бабы; 244-бабы; 245-бабы; 248-бабы; 331-бабының 2-тармағы; 354-бабы.</li></ol>
--	--	--	--

			<p>Бұл топтастырулар су ресурстарындағы қылмыстық құқық бұзушылықтарды объектісі және объективтік жағы бойынша дұрыс саралауға мүмкіндік береді.</p> <p>7.1 Қағидат дәлелденген. 7.2 жоқ. 7.3 Жаңа. 7.4 Қолдану деңгейі кең. 7.5 Мақалаларда дәлелденген.</p> <p><b>3. Су қылмыстық құқық бұзушылықтары</b> деп, экологиялық қылмыстық құқық бұзушылықтардың бір тобын құрайтын, кінәлінің қылмыстық жазалану қаупі бар, су объектілерін пайдалану мен қорғау және су объектілерінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша қылмыстық заңмен қорғалатын қоғамдық қатынастарға қол сұғатын, қылмыстық жазалау қатерімен тыйым салынған, қоғамға зор қауіп төндірмейтін, болмашы залал келтірген не адамның жеке басына, ұйымға, қоғамға немесе мемлекетке зиян келтіру қатерін туғызған айыпты жасалған немесе қоғамға қауіпті іс-әрекеттерін (әрекетін не әрекетсіздігін) айтамыз.</p> <p>7.1 Қағидат дәлелденген. 7.2 жоқ. 7.3 Жаңа. 7.4 Қолдану деңгейі кең. 7.5 Мақалаларда дәлелденген.</p>
--	--	--	---

4. ҚР Жоғарғы Сотының 2004 жылғы 18 маусымдағы №1 НҚ-ның 18)-тармақшасы бойынша «қоршаған ортаға елеулі зиян келтіру» ретінде «адамдардың жаппай сырқаттану», ал ҚР ҚК-нің 328-бабының 3-тармағының ережелеріне сәйкес «адамдардың жаппай сырқаттануы» қоршаған ортаға аса ірі экологиялық залалмен бір қатарында қарастырылған. Сондықтан да аталған қайшылықты жою үшін НҚ-ның 18)-тарм. 1-абз. мәтініндегі «қоршаған ортаға елеулі экологиялық залал» ұғымындағы «адамдардың жаппай ауруы» сөзтіркесін алып тастап, 3-абзацқа енгізу қажетті.

Экологиялық қылмыстық құқық бұзушылықтардың жекелеген түрлерінде (ҚК-нің 324-бабының екінші бөлігі, 325, 326, 328-баптарының үшінші бөлігі, 329, 330, 332, 333-баптарының екінші бөлігі, 343-бабының үшінші бөлігі) орын алатын қоғамға қауіпті салдары ретінде адамдардың жаппай сырқаттануы ретінде екі немесе одан да көп адамдардың уақытша еңбек қабілетінен айырылуын түсіну қажет».

7.1 Қағидат дәлелденген.

7.2 жоқ.

7.3 Жаңа.

7.4 Қолдану деңгейі кең.

7.5 Мақалаларда дәлелденген.



5. ҚР Жоғарғы Сотының 2004 жылғы 18 маусымдағы №1 НҚ-ның 20-тармақшасы келесідей мәтінде көрсетілуі керек деп есептейміз:

«20. Экологиялық қылмыстық құқық бұзушылықтардың жекелеген түрлерінің (ҚК-нің 324, 325, 326, 328, 329, 330, 332, 333-баптары, 343-бабының екінші бөлігі) қоғамға қауіпті міндетті салдары ретінде адамның денсаулығына зиян келтіруді адамның денсаулығына ауырлығы орташа, ауыр зиян келтіру деп түсіну қажет.

7.1 Қағидат дәлелденген.

7.2 жоқ.

7.3 Жаңа.

7.4 Қолдану деңгейі кең.

7.5 Мақалаларда дәлелденген.

6. Су ресурстарына келген шығындардың өтелуін сот өндірісінде қамтамасыз ету мақсатында «Соттардың кейбір экологиялық қылмыстар үшін жауаптылық жөніндегі заңнаманы қолдануы туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2004 жылғы 18 маусымдағы №1 нормативтік қаулысының 22-тармағын төмендегідей мәтінде толықтыруды ұсынамыз:

«22. ... Экологиялық заңнаманы бұзуға байланысты қылмыстық құқық

бұзушылықтардың салдарынан келтірілген материалдық шығындардың орнын толтыру туралы талаптарды сот тиісті талап қойылған жағдайда шешеді. Сот барлық қылмыстық істер бойынша бұл қойылған талапқа қатысты іс жүргізуде қаралуы мүмкіндігін қамтамасыз етуге міндетті. Талап өндірісте қаралған жағдайда шығындарды өтеуге қатысты сот шешімі сот үкімінде орын алуы тиіс».

7.1 Қағидат дәлелденген.

7.2 жоқ.

7.3 Жаңа.

7.4 Қолдану деңгейі кең.

7.5 Мақалаларда дәлелденген.

7. ҚР ҚК-нің 328-бабын мына мәтінде өзгертулер мен толықтырулар енгізуді ұсынамыз:

«328-бап. Суларды ластау, қоқыстау немесе сарқу

1. Жербеті немесе жерасты суларын, мұздықтарды, ауыз сумен жабдықтау көздерін ластау, қоқыстау, сарқу не олардың табиғи қасиеттерін өзге де өзгерту, егер суларға немесе қоршаған ортаға айтарлықтай залал келтіруге әкеп сокса немесе әкеп соғуы мүмкін болса —...

2. Қоршаған ортаға ірі залал келтірген не келтіру қатерін туғызған, немесе адамның

			<p>денсаулығына зиян келтірген, сол сияқты ерекше қорғалатын табиғи аумақтарда не төтенше экологиялық ахуал аумақтарында жасалған дәл сол іс-әрекеттер –.....жазланады.</p> <p>3. ....</p> <p>7.1 Қағидат дәлелденген.</p> <p>7.2 жоқ.</p> <p>7.3 Жаңа.</p> <p>7.4 Қолдану деңгейі кең.</p> <p>7.5 Мақалаларда дәлелденген.</p> <p>8. Су ресурстарын пайдаланумен байланысты қылмыстық құқық бұзушылықтардың криминологиялық сипаттамасы жасалды, яғни су ресурстарындағы қылмыстылықтың жалпы әлеуметтік алдын алу, арнайы-криминогенді шаралар, сондай-ақ ауыз су саласындағы қылмыстылықтың алдын алу шараларының тізімі беріледі.</p> <p>7.1 Қағидат дәлелденген.</p> <p>7.2 жоқ.</p> <p>7.3 Жаңа.</p> <p>7.4 Қолдану деңгейі кең.</p> <p>7.5 Мақалаларда дәлелденген.</p>
8.	Дәйектілік принципі Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	8.1 Әдістеменің таңдауы - негізделген немесе әдіснама нақты жазылған 1) <u>ия</u> ; 2) жоқ	Дереккөздер мен ұсынған ақпараттар дәйекті. Жұмысты жазуда қолданылған әдістемелер нақты, негізді. Диссертант жалпы диалектикалық әдістер, тарихи, салыстырмалы-құқықтық, жүйелі-

			құрылымдық, формальды-логикалық, статистикалық және өзге де ғылыми әдістерді зерттеуінде қолданған.
		8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған: 1) ия; 2) жоқ	жоқ
		8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді): 1) ия; 2) жоқ	жоқ
		8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған / ішінара расталған / расталмаған	Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған. Диссертациялық зерттеу жүргізуде автор жүз сексен дереккөз пайдаланған.
		8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті/жеткіліксіз	Пайдаланылған әдебиеттер тізімі қарастырылып отырған мәселелерді шешу үшін жеткілікті.
9.	Практикалық құндылық принципі	9.1 Диссертацияның теориялық маңызы бар:	Диссертацияның теориялық маңызы бар. Диссертантпен алынған ғылыми

		1) <u>ия;</u> 2) жок	нәтижелер бірқатар заң ғылымының салаларында аталған проблема бойынша әрі қарай ғылыми ізденістерде пайдаланылуы мүмкін.
		9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары: 1) <u>ия;</u> 2) жок	Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары. Оларды заңшығармашылығы және құқыққорғау қызметінде қолдануға болады.
		9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа болып табылады? 1) <u>толығымен жаңа;</u> 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	Практикалық ұсыныстар толығымен жаңа болып табылады.
10.	Жазу және ресімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы: 1) <u>жоғары;</u> 2) орташа; 3) орташадан төмен; 4) төмен.	Академиялық жазу сапасы жоғары. Жұмыс түсінікті ғылыми тілмен жазылған және сөйлем құрастыру орынды. Диссертациялық жұмыс осы тектес жұмыстарға қойылатын талаптарға сай рәсімделген.

**Шешім:** Сабыр Айсұлудың «6D030100-Құқықтану» мамандығы бойынша «Отандық су ресурстарын пайдаланумен байланысты қылмыстық құқық бұзушылықтардың алдын алу мәселелері» атты диссертациясына оң пікірді бере отырып, философия докторы (PhD) дәрежесін алуға лайық деп есептеймін.

**Рецензент:**

**Қазақ-Америка университетінің экономика және құқық факультетінің деканы, PhD докторы**

*Г.Б. Телеуов*

11.06.2023

**Телеуов Г.Б.**

